

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 желтоқсан N 1964

Мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын астық үшін есеп айырысуды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Мемлекеттік ресурстардағы және резервтегі астықты пайдалану тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1506 P991506_ қаулысында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астық сатып алу және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1998 жылғы 5 қазандағы N 998, "Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы" 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 және "1999 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың, оның есебін жүргізудің, сақтаудың және сатудың кейбір мәселелері туралы" 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 қаулыларына сәйкес бөлінген несиелік ресурстар есебінен сатып алынған астықты сатудан түскен қаражат астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстарын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы шотына қайтарымды негізде жіберілсін.";

2) "1999 жылғы егіннің астығын сатып алуды қаржылық реттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 қазандағы N 1612 P991612_ қаулысында:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Астана қаласындағы қалалық аумақтық Қазынашылық басқармасындағы "Эскроу" арнаулы есеп шотына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы шотына" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394

қаулысымен.

P010394_

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.